



«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2-деңгейлі СМЖ  
құжаты

2023 жылғы «29» 06  
№4 редакция

ҚазҰЗТУ ҚП 710

**ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ**  
ҚазҰЗТУ ҚП 710

Алматы 2023

## АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
КЕАҚ Тіркеу кеңсесінің Мансап орталығында **ӘЗІРЛЕНДІ**

Тіркеу кеңсесінің  
Мансап орталығының бастығы  
«19» 06 2023 ж.



А. Бекишева

### 2 КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі – академиялық  
мәселелер жөніндегі проректор  
«27» 06 2023 ж.



Б. Жаутиков

Тіркеу кеңсесінің директоры  
«27» 06 2023 ж.



Н. Кызылбаев

Ө.А.Байқоңыров атындағы  
Тау-кен-металлургия  
институтының директоры  
«26» 06 2023 ж.



Қ. Рысбеков

Қ.Тұрысов атындағы Геология  
және мұнай-газ ісі институтының  
директоры  
«26» 06 2023 ж.



А.Сыздықов

Энергетика және машинажасау  
институтының директоры  
«26» 06 2023 ж.



Қ.Елемесов

Автоматика және ақпараттық  
технологиялар институтының  
директоры  
«23» 06 2023 ж.



Р. Ускенбаева

Сәулет және құрылыс  
институтының директоры  
«23» 06 2023 ж.



Б. Құспанғалиев

Жобаларды басқару институтының  
директоры

«22» 06 2023 ж.



Б. Амралинова

Докторантура бөлімінің бастығы

«22» 06 2023 ж.



М.Хведелидзе

Бағалау және сапа бөлімі  
бастығының міндетін атқарушы

«21» 06 2023 ж.



К. Нурпеисова

Заңмен қамтамасыз ету және  
Мемлекеттік сатып алу басқармасы  
бастығының м. а.

«21» 06 2023 ж.



К. Исабекова

Құжаттамалық қамтамасыз ету  
және мемлекеттік тілді дамыту  
бөлімінің бастығы

«20» 06 2023 ж.



Ж. Орақбаева

3 Басқарманың 2023 жылғы «29» 06 №10 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2020 жылғы 01 маусымдағы №3 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

**Мазмұны**

1. Жалпы ережелер	5
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Түлектерді жұмысқа орналастырудың жалпы шарттары	5
4. Жоспарлау	6
5. Бақылау	8
6. Тәуекелдерді басқару	8
7. Есептер, өлшемдер, талдау және жақсарту, кері байланыс	9
710 ҚП үлгілер тізбесі	10
Өзгерістерді тіркеу парағы	11



## ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

### № 710 Құжатталған процедура

#### 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы «Түлектерді жұмысқа орналастыру» процедурасы (бұдан әрі – Процедура немесе ҚазҰЗТУ ҚП) Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ-да (бұдан әрі - Университет) алған мамандықтарына сәйкес түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мақсатында әзірленді. Сондай-ақ, бұл жұмыс тұтынушылардың (білім алушылардың, жұмыс берушілер мен кәсіпорындардың) алған білім сапасына қанағаттанушылығын өлшеуге мүмкіндік береді.

1.2 Осы процедураның талаптары жұмыспен қамту шараларын жоспарлау және іске асыру және тұтынушылардың қанағаттанушылығын өлшеу процестеріне қолданылады.

1.3 Осы процедура бойынша барлық жұмыстарды институт директорлары мен кафедра меңгерушілері бақылайды.

1.4 Процедураны Университеттің бекітілген жоспарларына сәйкес Университеттің орындаушылары ретінде тағайындалған профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) орындауға міндетті.

1.5 Түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету шараларын ұйымдастыру жауапкершілігі «Мансап» орталығына (бұдан әрі - Орталық) жүктеледі.

#### 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;

2.2 ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

2.3 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі;

2.4 ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII Азаматтық кодексі;

2.5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысы.

#### 3 ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

3.1 Университет мемлекеттік тапсырыс бойынша және ақылы негізде білім алған күндізгі бөлім түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

3.2 Кәсіпорындармен жасалған келісім-шарт негізінде дайындалған түлектер келісім-шарт талаптарына сәйкес жұмысқа (ҚазҰЗТУ 710-03 Ү) жіберіледі.

3.3 Егер шарттың талаптарында қарастырылған болса, ақылы негізде оқыған түлектер де жұмысқа орналасуға көмек ала алады.

#### 4 ЖОСПАРЛАУ

4.1 Мансап орталығы, кафедралар бөлім мен шығарушы кафедралардың жұмыс жоспарына енгізілген түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша шараларды жүзеге асырады.

4.2 Жұмысқа орналастыру бойынша жоспарда қарастырылады:

- белсенді ұйымдарды іздестіру және оларға ынтымақтастық туралы келісім жасау туралы ұсыныс хат жолдау;
- тиісті дайындығы бар мамандарды қажет ететін ұйымдармен ынтымақтастық туралы шарттар жасасу;
- жасалған шарт негізінде ұйымдармен тиісті дайындығы бар қызметкерлермен қамтамасыз ету бойынша жұмыс;
- компанияларға университет түлектері арасынан мамандарды іріктеуде көмек беру;
- студенттерді жұмысқа орналастыру көзделетін (ҚазҰЗТУ ҚП 710 Ү) ұйымға практикаға жіберуге жәрдемдесу;
- білім алушыларға түйіндеме жасауға (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде) көмектесу;
- студенттердің түйіндемелерін тиісті ұйымдарға жіберу;
- орталықтармен/ұйымдармен жұмысқа орналастыру жөніндегі жұмыстарды жолға қою;
- тұтынушылардың қанағаттанушылығын өлшеу бойынша түлектер мен ұйымдарға жеке сауалнамалар әзірлеу;
- түлектермен және оларды жұмысқа қабылдаған ұйымдармен байланыс орнату;
- студенттерді, түлектерді компаниялардағы бос лауазым орындарына қызметке іріктеуге қойылатын талаптармен таныстыру;
- университет сайтында, Мансап орталығының әлеуметтік желілерінде компаниялардағы бос жұмыс орындары туралы жариялау;
- жұмыс берушілерді тарта отырып, түлектер жәрмеңкесін ұйымдастыру;
- студенттер мен түлектер арасында жұмысқа сәтті орналасу дағдыларын үйрету бойынша семинарлар, мастер-кластар өткізу;
- әлеуметтік желілерде және университет порталында ағымдағы бос орындар мен тағылымдамаларды жариялау.

4.3 Институт кафедралары жұмысқа орналастыру үшін (ҚазҰТУ 710-01 Ү, ҚазҰТУ 710-02 Ү) түлектердің тізімін жасайды, сондай-ақ:

- кепілдендірілген жұмыс орны бар түлектерді. Мысалы, ұйымдардан шарт бойынша оқуға жіберілгендер туралы;
- жұмысқа орналасуда көмекке мұқтаж емес түлектер. Мысалы, жұмысқа орналасу туралы келісімі бар тұлғалар;



- жұмысқа орналасуда көмекке мұқтаж түлектерді белгілейді.

4.4 Мансап орталығы ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасу мониторингін ұйымдастыруы керек. Мониторинг үш кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезең - оқу жылының басында бітіруші курс студенттеріне сауалнама жүргізу. Екінші кезең - жұмысқа орналасу туралы алдын ала мәліметтерді жинау. Үшінші кезең, нақты төрт рет өткізіледі: ЖОО аяқтағаннан кейін үш, алты, тоғыз және он екі айдан кейін.

4.5 2021 жылдан бастап мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алған бакалавриат, магистратура және докторантура студенттері университетті бітіргеннен кейін 3 (үш) жыл жұмыс істеп өтуге міндетті. Түлектер осы тармақта көзделген мерзім шегінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (бұдан әрі – ЖЖОКББҰ) бітіргеннен кейін келесі жағдайларда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша олардың нақты оқу уақытына сәйкес жұмыс істеп өтейді:

- ақылы негізде оқытудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру;

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытудан ақылы негізде оқытуға ауыстыру;

- ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қалпына келтіру шартымен ЖЖОКББҰ оқудан шығару.

4.6 Түлектің жұмыспен өтеу уақыты университетті бітірген жылдың 01 қыркүйегінен басталады.

4.7 Мансап орталығына барлық мамандықтар мен санаттар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқытудың толық оқу курсы да, ішінара (гранттан ақылы оқытуға, ақылы оқытудан грантқа ауыстырылған) оқыған түлектер туралы мәліметтерді ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 наурызынан кешіктірмей ҚР ҒЖБМ «Қаржы орталығы» АҚ ұсыну қажет.

4.8 Мансап орталығына түлектер туралы мәліметтерді құжат түрінде: басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына ауыстырылған және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан шығарылған студенттерге арналған бюджеттік шығыстар туралы анықтамаларды электрондық түрде және қағаз жеткізгіште; жеке деректерді және грант бойынша оқу фактісін растайтын құжаттарды (жеке куәлік, pdf форматындағы гранттар беру туралы куәлік) ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ұсыну қажет.

4.9 Институттар (шығарушы кафедралар) ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде PDF форматында білім беру қызметтерін (бакалавриат, магистратура, докторантура) көрсету туралы шартты ұсынуы керек.

4.10 Институттар (шығарушы кафедралар) бакалавриат, магистратура және докторантураның бітіруші курстарының міндетті үш жылдық жұмыспен



өтеу мәселелері бойынша (кестеге сәйкес) Microsoft Teams платформасында ҚР ҒжЖБМ «Қаржы орталығы» АҚ-мен онлайн-кездесулерге барынша қатысуларын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуі қажет.

#### 4.11 Институттар (шығарушы кафедралар):

- әрбір түлекке (4-курста оқитын студентке) одан әрі жұмысқа бөлу үшін *жұмыс берушінің қолдау хаттарын, жұмыс орнынан анықтамаларды, кепілдік хатты, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықты* ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 маусымынан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуы керек;

- мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде түлек (студентке кейінге шегеру ұсынылады) ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 маусымынан кешіктірмей әскердегі қызметі туралы анықтама беруі тиіс;

- баланың туу туралы куәлігін/жүктілік туралы анықтаманы ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 маусымынан кешіктірмей ұсыну керек, осыған байланысты түлекке мемлекеттік грантты пысықтаудың қажеті жоқ.

4.12 Институттар (шығарушы кафедралар) ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде бітірушілерді (бакалавриат, магистратура) оқудан шығару туралы бұйрықты тапсыруы тиіс.

4.13 Докторантура бөлімі ағымдағы жылдың және одан кейінгі жылдардың 01 қыркүйегінен кешіктірілмейтін мерзімде бітірушілерді оқудан шығару туралы бұйрықты тапсыруы қажет.

## 5 БАҚЫЛАУ

5.1 Жұмысқа орналастыру шараларын іске асыру бөлімшелердің жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Мансап орталығы түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізеді.

## 6 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

№	Тәуекелдің атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Ықпал ету
1.1	Жұмысқа орналасу пайызының төмендеуі	Жұмысқа орналасу пайызының төмендеуі студенттер мен түлектердің жұмыс табу мүмкіндігінің немесе кәсіби мансабын бастауға мүмкіндіктің аз екенін білдіреді. Бұл білім беру мекемелерінің жұмыс берушілермен тиімсіз өзара қарым-қатынасының нәтижесі болуы мүмкін, бұл түлектердің жұмыс туралы ұсыныстар мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктер туралы ақпаратқа қол жеткізуін шектейді. Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынастың әлсіздігі студенттер мен түлектер үшін жұмысқа орналасу туралы ұсыныстардың	Жұмыс берушілермен неғұрлым белсенді байланыстар мен серіктестіктер құру, студенттер еңбек нарығының талаптарын жақсы түсінуі үшін бос орындар жәрмеңкелері мен кәсіби семинарлар ұйымдастыру;



	азаюына әкеп соғады және түлектердің еңбек нарығы туралы ақпаратқа және мансаптық мүмкіндіктерге қол жетімділігін шектейді.	Студенттерге жұмыс тәжірибесін алу және дағдыларын жетілдіру үшін арнайы тағылымдамалар мен практикалар бағдарламаларын ұйымдастыру; Дуальды оқыту жүйесін енгізу.
--	---	--

## 7 ЕСЕПТЕР, ӨЛШЕМДЕР, ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ, КЕРІ БАЙЛАНЫС

7.1 Кафедралар түлектерді жұмысқа орналастыру (ҚазҰТУ 710-01 Ү, ҚазҰТУ 710-02 Ү) бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы деректерді бөлімге тапсырады. Осы деректер негізінде кафедралар есеп жасайды, онда:

- жоспарланған іс-шаралардың нақты орындалуы және алынған нәтижелер;
- түлектердің жұмысқа орналасуы туралы нақты мәліметтер;
- түлектерді жұмысқа орналастыру процесін жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Есепті институт директоры бекітеді және ол кафедрада сақталады.

7.2 Бөлім жұмысқа орналастыру (ҚазҰТЗУ 502-02 Ү) және ынтымақтастық жөніндегі қорытынды жиынтық есепті жасайды және оны ҚазҰТЗУ 502 «Менеджментті талдау» ҚП сәйкес есепті қалыптастыру үшін академиялық мәселелер жөніндегі проректордың қарауына тапсырады.

7.3 Есеп «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Ғылыми кеңесінде қаралады, онда Университет түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, сондай-ақ жақсарту жөніндегі ұсыныстар талданады. Мұндай талдаудың нәтижесі:

- оқу процесін;
- оқу-әдістемелік жұмыстарды;
- түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін;
- Университет мамандықтарының тізімін жақсартуға бағытталған шешімдер болуы мүмкін.

**710 ҚП үлгілер тізбесі**

№	Атауы	ҚП
1	Түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі деректер	ҚазҰТЗУ 710-01 Ү
2	Грант бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі деректер	ҚазҰТЗУ 710-02 Ү
3	Жұмысқа жолдама	ҚазҰТЗУ 710-03 Ү



## Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Негіз (құжатқа сілтеме)	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарлама ның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
					Күні	Аты-жөні, қолы, лауазымы